

## № Мақсатты мерзімді банктік салым шарты

ж. \_\_\_\_\_

20\_\_жыл

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, бұдан әрі «Салымшы» деп аталатын, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы А.Н.Жумагулов арқылы, бір жағынан, және \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Банк» деп аталатын, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын \_\_\_\_\_ арқылы, екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп аталатын,

- «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылдың «29» мамырындағы №6 шешімімен бекітілген «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ уағдалы депозиттерін орналастыру арқылы тұрғын үй құрылысы жобаларын жүзеге асыру бағдарламасын;

- «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және \_\_\_\_\_ арасындағы 20\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ Ниеттестік туралы меморандумды;

- \_\_\_\_\_ (Бактің өкілетті органының) шешімін,  
**НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП**

төмендегілер жайлы осы мақсатты мерзімді банктік салым шартын (әрі қарай – Шарт) жасады

### 1. Пайдаланылатын терминдер

1.1. Осы Шартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) **Салымды орналастыру кестесі** – Шарттың №1 қосымшасында көрсетілген және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын кесте, осыған сәйкес 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін Салымшы Жинақтау шотындағы Мақсатты жедел банктік салымды орналастырады. Шарттың №1 қосымшасы Нысандағы (Шарттың №4 қосымшасы) құрылыс-монтаждау жұмысы өндірісінің кестесіне сәйкес толтырылады.
- 2) **Нысанның идарадан тыс кешенді сараптама қорытындысы** – Идарадан тыс кешенді сараптама қорытындысы
- 3) **Құрылыс салушы** - \_\_\_\_\_;
- 4) **Нысан** - \_\_\_\_\_ таза әрлеудегі тұрғын жайлар (тұрғын үйлер), \_\_\_\_\_ қ. орналасқан, \_\_\_\_\_ көп пәтерлі тұрғын үй/тұрғын үй кешені (үй саны – \_\_\_\_\_, жалпы ауданы \_\_\_\_\_, пәтерлердің жалпы ауданы: \_\_\_\_\_, пәтерлер саны \_\_\_\_\_);
- 5) **Бағдарлама** - «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылдың «29» мамырындағы №6 шешімімен бекітілген (өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ уағдалы депозиттерін орналастыру арқылы тұрғын үй құрылысы жобаларын жүзеге асыру бағдарламасы;

- 6) **Жоба** – Салымшының уағдалы депозиттерді орналастыру арқылы Банк кредит беретін, Құрылыс салушының Нысан(дар) құрылысының жобасы;
- 7) **Жинақ шоты** - Мақсатты жедел салымды орналастыру үшін \_\_\_\_\_ ашқан Салымшының № \_\_\_\_\_ банктік жинақ шоты;
- 8) **Құрылыс салушының банктік шоты** – Банкте ашылған Құрылыс салушының ағымдағы шоты (теңгеде);
- 9) **Тараптар** – Салымшы және Банк;
- 10) **Қайтару шоты** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі Салымшының №KZ30125KZT1001300369 корреспонденттік банктік шоты;
- 11) **Транш** - Мақсатты жедел салымның бөлігі;
- 12) **Салымның мақсатты пайдаланылуы**- тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің салымшыларына Өткізу бағасы бойынша пәтерлерді соңынан өткізу арқылы, Нысандағы құрылыс-монтаждау жұмыстарының өндірісі кестесінде қарастырылған мерзім ішіндегі Нысан құрылысы;
- 13) **Мақсатты жедел банктік салым** – құқық бекітуші құжаттарды рәсімдеу, Нысан бойынша жобалық-сметалық құжаттарда қарастырылған Нысанды пайдалануға беру және құрылысты Банктік соңынан қаржыландыруға уағдаласу және жедел, ақылы, қайтарымды, мақсатты пайдалану талаптарымен Салымшының Банкке беретін ақша сомасы (теңгелей);
- 14) **Өткізу бағасы** –Нысан құрылысы аяқталғаннан және оны пайдалануға бергеннен кейін Салымшы сатып алатын Нысандағы тұрғын үйдің жалпы ауданының (таза әрлеудегі) 1 шаршы метрінің бағасы. Ол бағаның көлемі шеңберінде Нысанның ЖСҚ-на Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы негізінде анықталатын Жоба бойынша жалпы ауданның 1 шаршы метрінің құрылысының құнынан аспайды. Және 185 000 (жүз сексен бес мың) теңге болады.  
Тұрғын жайдың (тұрғын үйдің) жалпы ауданының (таза әрлеудегі) 1 шаршы метрінің бағасының барынша жол берілетін көлемі – Астана және Алматы қалаларында 200 000 (екі жүз мың) теңге, ал қалған өңірлерде 165 000 (жүз алпыс бес мың) теңге. Құрылыстағы бағалар индексінің өзгеруіне байланысты, 20016 жылдан бастап жыл сайын бағалар түзетіліп отырады.

## 2. Шарттың мәні

2.1 Салымшы осы Шарттың талаптарына сәйкес Жинақ шотына \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге сомасында Мақсатты мерзімді банктік салымды орналастырады, ал Банк Құрылыс салушыға кредит беру мақсаты үшін Салымшыдан Мақсатты мерзімді банктік салымды қабылдауға, ол бойынша сыйақы төлеуге және Шартта көзделген мөлшерде, тәртіпте және талаптарда Мақсатты мерзімді банктік салымды қайтаруға міндеттенеді.

Мақсатты мерзімді банктік салым Транштармен Шартта белгіленген Шарттың №1 қосымшасына сай орналастырылады. Мақсатты мерзімді банктік салым бойынша сыйақы нақты күндер мен Жинақ шотына түскен және Қайтару шотына қайтарылған соманы есепке ала отырып есептеледі.

2.2. Банк Құрылыс салушыға кредит береді, соның ішінде Мақсатты мерзімді банктік салымды орналастыру нәтижесінде алынған қаржы есебінен.

Мұндай жағдайда:

- қайта салынатын Объектіні қаржыландырған жағдайда, жер телімінің, жобалық-іздістіру жұмыстарының және Кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу құны есептелінбейді;

- аяқталмаған құрылысты қаржыландырған жағдайда, тек Объектідегі құрылыс-монтаж жұмыстарының қалдық құны ғана есепке алынады.

- Жобаны Құрылыс салушы басқа қаржы көздері есебінен бірлесе қаржыландырған жағдайда, Мақсатты мерзімді банктік салымның әр траншын орналастыру Мақсатты мерзімді банктік салым есебінен салынып жатқан аудан құны үлесіне тепе-тең түрде іске асырылады.

Объект құрылысының мақсаты үшін өндірістік қажеттілікке байланысты (құрылыс материалдарының қажетті көлемін сатып алуды қоса алғанда), Салымды орналастыру кестесін өзгерту қажет болған жағдайда, Банк Салымшыға жазбаша өтінім жасайды.

Мақсатты мерзімді банктік салымның ақшасы есебінен Банк мынадай талаптармен Құрылыс салушыға банктік заем береді:

- заем сомасы - \_\_\_\_\_;

- жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 7%-дан (жеті пайыздан) жоғары болмауға тиіс;

- заем мерзімі – Объектіге құрылыс-монтаж жұмыстары өндірісі кестесіне және тараптар келіскен тұрғын үйді өткізу мерзіміне сәйкес ;

- валюта – теңге;

- мақсатты пайдалану – мерзімінде Объектінің құрылысын салу және пайдалануға беру, Шарт талаптарын сақтай отырып, кейінірек тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі салымшыларына дайын тұрғын үйді өткізу арқылы, құқық бекітуші құжаттарды рәсімдеу, Белгіленген баға бойынша кейіннен Объектіде пәтерлерді сатумен Объект құрылысын салу;

- сыйақы өтеу бойынша жеңілдік кезеңі – \_\_\_\_\_ (Банк саясатымен анықталады);

- беру тәсілдері – Шарттың №1 қосымшасына, Нысандағы құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісі кестесіне сәйкес, Банктің бұрын бөлінген транштарды игеруге жүргізген мониторингі негізінде транштармен.

2.3. Банк осы Шартқа сәйкес жасалған қаржылық операциялардың заңдылығының және қажетті лицензияларының болуын растайды.

2.4. Мақсатты мерзімді банктік салымның Транштарын нақты орналастыру күні ретінде ондай Транштар сомаларының Жинақ шотына енгізілген күні түсінілуге тиіс.

2.5. Мақсатты мерзімді банктік салымның нақты қайтарылу күні ретінде Мақсатты мерзімді банктік салым сомасының Қайтару шотына түскен күні түсінілуге тиіс.

2.6. Мақсатты мерзімді банктік салым (Транш) Банк Салымшыға мынадай растаушы құжаттарды берген жағдайда ғана игерілген болып есептеледі:

- Объектінің құрылысына/құрылысты аяқтауға Құрылыс салушыға кредит беру туралы Банктің уәкілетті органы (Банк Басқарамасы) шешімдерінің Банк куәландырған көшірмелері;

- Банк пен Құрылыс салушы арасындағы Объектінің құрылысы үшін қолданыстағы банктік заем шарттарының Банк куәландырған көшірмелері;

- Құрылыс салушының Банктік шотына ақшаның есептеліп қосылғанын растайтын Банктік шот бойынша Құрылыс салушының ақшасының айналымы туралы үзінді.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды Банк Салымшыға Шарттың №2 Қосымшасына сай Мақсатты мерзімді банктік салымның мақсатты пайдаланылуы туралы есептілікті қоса тіркей отырып, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы (оны) күнінен кешіктірмей береді.

2.7. Мақсатты мерзімді банктік салымды орналастыру мерзімі Мақсатты мерзімді банктік салымның Жинақ шотында нақты болу кезеңіне тең болады (Салымшының Жинақ шотына бірінші Траншты аудару күнінен басталады және Банк Мақсатты мерзімді банктік салымды және сыйақыны Қайтару шотына толық қайтарған күні аяқталады), сонымен қатар орналастыру мерзімі/ болу кезеңі Шарттың №1 қосымшасында қарастырылған Салымды орналастыру мерзімдеріне сәйкес келуі керек.

2.8. Мақсатты мерзімді банктік салым есебінен Банк, өз кезегінде, Шартты жүзеге асыруды ескеріп отырып және осы мақсатта Банк пен Құрылыс салушы арасында жасалған банктік заем шарттарының негізінде, Шарттың 2.2 тармағында қарастырылған мерзімдер мен талаптарда Құрылыс салушыға заем береді.

2.9. Тиісті мониторинг жүргізу арқылы алдында бөлінген транштардың мақсатты пайдаланылғанын Банк растаған жағдайда, Банк Салымшыға Объектідегі құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісі кестесін есепке ала отырып, Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, Жинақтау шотына қосымша жарна есептеп аудару арқылы, Шарттың №3 қосымшасына сәйкес нысанда кезекті Траншты орналастыруға кезекті Өтінім жібереді.

2.10. Банк Құрылыс салушының Объектінің құрылысына/құрылысты аяқтауға бөлінген қаражаттарды мақсатты пайдалануына мониторинг жүргізеді, ол соның ішінде кейіннен Салымшыға қорытындылар беретін, Банк тағайындаған мамандандырылған ұйым іске асыратын құрылысты техникалық қадағалау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

2.11. Банк алдында бөлінген транштардың мақсатты пайдалануын Банк растамаған жағдайда, Банкте Жинақтау шотына Салымшының оларды кейіннен орналастыру іске асырылмайды.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Салымшының:**

3.1.1. Мақсатты мерзімді банктік салымды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін Мақсатты мерзімді банктік салым қаражаттарын нақты пайдаланған уақыт үшін мөлшерлемесі осы Шарттың 5-тарауына сәйкес белгіленетін сыйақыны жоғалтпай Мақсатты мерзімді банктік салым сомасын алуға;

3.1.2. Шарт талаптарына сай мерзімде және мөлшерде сыйақы алуға;

3.1.3. Банктен Шартта көзделген міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

3.1.4. Банктен алынған ақпарат негізінде Банктің Салымшының ақшаларын Мақсатты жедел банктік салым шартында белгіленген мақсаттарға пайдалануына мониторинг жүргізуге құқығы бар. Өз бастамасы бойынша Салымшының:

- Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын тексеру үшін Банкке өз өкілдерін (олардың өкілеттіктерін Салымшы жазбаша нысанда растайды) жіберуге;

- қажеттілігіне қарай, өз өкілдерін жобаның іске асырылу орнына жіберуге (жобаның іске асырылу орны ретінде Объектінің құрылысы, Банктің пен Құрылыс салушының кеңселері түсініледі), мұндай жағдайда Банк мұндай мүмкіндікті қамтамасыз етеді;

3.1.5. осы Шартта белгіленген нысандарға сай және мерзімде Банктен есептер сұрайға және алуға;

3.1.6. кез келген уақытта осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға, Мақсатты мерзімді банктік салымның қайтарылуын талап етуге;

3.1.7. Мынадай жағдайларда Мақсатты мерзімді банктік салымның қайтарылуын талап етуге, шартта белгіленген көлемде Банктен тұрақсыздық айыбын өндіруге;

- Банктің Мақсатты мерзімді банктік салымды мақсаттан тыс пайдалануы;

- Банктік заем шартында қарастырылған міндеттемелерді Құрылыс салушының орындамауы немесе тиісінше орындамауы;

- Құрылыс салушының тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің салымшыларына және (немесе) Салымғы көрсеткен тұлғалардың тізіміндегілерге Объектідегі тұрғын үй-жайларды өткізуден бас тартуы немесе тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы бөлінбеген тұрғын үй-жайларды Шарттың талаптары бойынша Құрылыс салушының өз бетінше өткізуіненен басқа, Объектідегі өткізітеін тұрғын үйгетіркелген құқық бекітуші құжаттарды бекітілген тәртіпте 1 (бір) айдың ішінде Салымшыға тапсырмауы;

- Шарттың қосымша келісіміне сәйкес Объектінің құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісі кестесінің алдын ала өзгеруі жағдайларынан басқа, банктік заемның соңғы траншын беру күнінен кейін (егер бұл Объектіде жұмыстардың толық аяқталуына байланысты болмаса) қатарынан 3 (үш) ай ішінде Объектінің құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісі кестесінег Объектідегі құрылыс-монтаждау жұмыстарының кешеуілдеуі немесе тоқтатылуы;

- Шартта қарастырылған Банктің тексеру жүргізуіне кедергі жасау;

- тапсыруы Шарт бойынша Банктің міндеттемелерінің бірі болып табылатын, ақпараттар мен есептілікті тапсырмауы;

- Мақсатты мерзімді банктік салым бойынша Банк кезекті транштарды орналастырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Құрылыс салушының банктік шотына кезекті банктік заем транштарын уақтылы аудармаған немесе жартылай аударған жағдайда;

- мына рейтингтік агенттіктердің бірінің: Standard&Poor's, Fitch Ratings, Moody's Банктің кредиттік рейтингін (Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің төмендеуі салдарынан рейтингілердің автоматты түрде төмендеу жағдайларын қоспағанда) 1 (бір) тармаққа және одан артық қатарынан 6 (алты) ай ішінде нашарлатқан жағдайда;

- Банктің 3 (үш) ай қатарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тағайындаған пруденциалды нормативтерді бұзуы, сондай-ақ Банктің лицензиясын уәкілетті органның тоқтатуына алып келген өзге де заңнама бұзушылықтар;

- 2 (екі) тоқсан қатарынан кері қаржылық нәтиженің орын алуы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Банктің төлемге қабілетсіз болып жариялануы;

- Мақсатты мерзімді салымдарды орналастыру кезеңінде Шарт жасалған сәтте қолданыста болған, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Салымшының ішкі құжаттарында бекітілген лимиттер мен талаптарға Банктің сәйкес келмеуі деректері анықталған жағдайда;

Көрсетілген жағдайларда Банк Салымшының жазбаша баяндалған бірінші талабы бойынша Салымшы мұндай талап жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мақсатты мерзімді банктік салымды орналастыру мерзімінің барлық кезеңінде 30%-ға (отыз пайыз) тең жылдық сыйақы мөлшерлемесі көлемінде, Шартқа сәйкес оған есептелінген сыйақымен бірге, Мақсатты жедел банктік салымды қайтаруға, сондай-ақ осы Шартта қарастырылған көлемде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

Банк Салымшының талабы бойынша Банк ондай талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақшаны аудармаған жағдайда, Салымшы (ал Банк осы Келісімге қол қоя отырып, өзінің сөзсіз келісімін білдіреді) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі Банктің кез келген корреспондент шоттарынан, сондай-ақ банктердегі (банктік

операциялардың жекелеме түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы) басқа шоттардан кез келген валютада Мақсатты мерзімді банктік салым сомасын, сыйақыны, тұрақсыздық айыбын және Банктің осы Келісімді және Мақсатты жедел банктік салым шартын орындамауымен байланысты шығыстарды қоса алғанда, берешек сомасын алуды Мақсатты жедел банктік салым шартының нотариатты куәландырылған көшірмесін және ақшаны шоттан алуды жүзеге асыруға қажетті басқа құжаттарды қоса тіге отырып, төлем тапсырмаларын беру жолымен жүргізуге.

Мақсатты мерзімді банктік салым валютасынан басқа валютада ақшаны акцептісіз алған жағдайда, алынған ақшаны Мақсатты мерзімді банктік салым валютасына айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде белгіленген алынған валютаның Мақсатты мерзімді банктік салым валютасының бағамы бойынша жүргізіледі;

3.1.8. Банк шартта белгіленген басқа да міндеттемелерді орындамаған жағдайда, осы Шарттың 6.2 тармағына сәйкес көлемде тұрақсыздық айыбын өндіруге **құқығы бар**.

### **3.2. Салымшы міндеттемелері:**

3.2.1. Шарт талаптарына сәйкес Мақсатты мерзімді банктік салымның Салымшының Жинақ шотына енгізілуін қамтамасыз ету;

3.2.2. көрсетілген Өтінімдер түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Транштарды орналастыруға Банктің Өтінімдерін қарауға және шешім шығаруға;

3.2.3. Объектідегі құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісін кестесін өзгертумен байланысты Салымды орналастыру кестесін (Шарттың №1 қосымшасы) өзгерту қажеттігі туралы Банктің жазбаша өтінімін алған жағдайда, көрсетілген өтінімді 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарастыру;

3.2.4. Салынған Объектіні пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне қол қою туралы хабарламаны Салымшы алған күннен бастап 6 (алты) ай ішінде Банкке Объектіде тұрғын үйді сатып алушылар тізімін беруді (Банктің Құрылыс салушыға жіберуі үшін) қамтамасыз етеді.

### **3.3. Банктің міндеттері:**

3.3.1. Жобаның Бағдарлама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

3.3.2. өзінің ішкі рәсімдеріне сай, Мақсатты мерзімді банктік салым қаражаттары есебінен заем алу үшін Құрылыс салушы берген өтінімге сараптау жүргізу;

3.3.3. Объект құрылысының мақсаттары үшін (құрылыс материалдарының қажетті көлемін сатып алуды қоса алғанда) өндірістік қажеттікке байланысты, Салымды орналастыру кестесін өзгерту қажет болған жағдайда, Салымшыға жазбаша өтініш беру;

3.3.4. Салымшыға Жинақ шотын ашуға және Салымшыдан Мақсатты мерзімді банктік салымды қабылдау;

3.3.5. Салымшыға Шарттың 5.3. тармағына сәйкес белгіленген сыйақы мөлшерлемесінен шыға отырып, Шарт талаптарына сай мөлшерде және мерзімде сыйақы төлеу;

3.3.6. Объектідегі құрылыс-монтаждау жұмыстары өндірісі кестесіне сәйкес Мақсатты мерзімді банктік салым сомасынан аз болмайтын көлемде 7% (жеті пайыз)-дан аспайтын жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесімен Құрылыс алушыға банктік заем беру (сонымен қатар, заемның жалпы мерзімі мақсатты мерзімді банктік салымды орналастыру мерзімінен аспайды).

3.3.7. осы Шарт бойынша Салымшы Траншты орналастырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Құрылыс салушының банктік шотына банктік заем Траншын аудару.

3.3.8. Салымшының ақшасын қатаң түрде Объектінің құрылысын қаржыландыру мақсатына пайдалануға; Мақсатты мерзімді банктік салымды пайдаланудың аталған мақсатты тағайындалуы Банктің біржақты өзгертуіне жатпайды. Мақсатты мерзімді банктік салымды басқа мақсаттарға пайдалану Банктің Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікті тартуына әкеліп соқтырады;

3.3.9. Банк Салымшының жазбаша нысанда берілген бірінші талабы бойынша, Салымшы мұндай талап жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мақсатты жедел банктік салымды орналастыру мерзімінің барлық кезеңінде 30%-ға (отыз пайыз) тең жылдық сыйақы мөлшерлемесі көлемінде, Шартқа сәйкес оған есептелінген сыйақымен бірге, Мақсатты мерзімді банктік салымды қайтаруға, сондай-ақ осы Шартта қарастырылған көлемде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

3.3.10. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың ережелеріне сәйкес Мақсатты мерзімді банктік салымның құпиясын сақтауға;

3.3.11. Мақсатты мерзімді банктік салымның мерзімі аяқталған немесе Мақсатты мерзімді банктік салымның барлық сомасын немесе бір бөлігін қайтару туралы Салымшының талабы Банкке келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Мақсатты мерзімді банктік салымның сомасын Жинақ шотынан алуды қамтамасыз етуге және Мақсатты мерзімді банктік салымның сомасын және Шарт бойынша тиесілі сыйақыны Қайтару шотына аударуға;

3.3.12. Бағдарламаның және Банктік заем шартының талаптарына сәйкес Құрылыс салушының Объект құрылысын салуын бақылауға, сондай-ақ Объект құрылысының салыну барысына мониторинг жүргізуге;

3.3.13. Салымшының сауалы бойынша Жоба бойынша Объектінің құрылысына байланысты барлық қажетті ақпараттарды беруге;

3.3.14. Құрылыс салушының Бағдарлама талаптарын, сондай-ақ құрылыс мерзімдері мен сапасын сақтамауы салдары үшін Банк барлық жауапкершілікті көтереді;

3.3.15. Қағаз тасымалдағышта, Салымды орналастыру кестесін (Шарттың №1 қосымшасы) сәйкес бірінші Траншты орналастыруға (Шарттың №3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша) Салымшыға Мақсатты мерзімді банктік салымның бірінші траншын орналастыру күніне дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын Өтінім беруді;

3.3.16. Тараптар жазбаша нысанда басқаша тағайындаған кезге дейін:

1) Шарттың №3 Қосымшасына сай нысанда Мақсатты мерзімді банктік салымның пайдаланылуы бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оны) күнінен кешіктірмей Салымшыға есеп беруге (байланыстың қорғалған арнасы бойынша электронды түрде);

2) есеп айдан кейінгі айдың 10 (оны) күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын, Салымшыға Есептік кезеңге арналған Құрылыс салушының банктік шотынан үзінді беруге

байланыстың қорғалған арнасы бойынша электронды түрде);

3) қағаз тасымалдағышта, Салымды орналастыру кестесін (Шарттың №1 қосымшасы) сәйкес бұрын алынған Транштың (Шарттың №3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша) игерілгенін растаған жағдайда, орналастыру күніне дейін 10 (он)! Дұмыс күні бұрын Салымшыға Транштарды орналастыруға келесі Өтінімдер беріледі.

Есептілік пен құжаттарды электронды түрде беруді (осы тармақта жоғарыда белгіленген жағдайларда) Банк Салымшының электрондық мекенжайына (осы Шарттың деректемелерінде көрсетілген) қорғалған байланыс арнасы бойынша (ФАСТИ) жіберу жолымен жүзеге асырады. Мұндай жағдайда жіберудің табысты аяқталғаны туралы растама болған жағдайда, электрондық құжатты жіберу орындалған болып есептеледі;

3.3.17. Салымшыға мыналар туралы хабарлауға:

- Банк қызметіне, операцияларға, қаржылық жағдайына немесе Банктің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілеттігіне кері әсер етуі мүмкін кез келген жағдайларда, мұндай жағдайлар туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ;

- Банкке ол туралы мәлім болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде Банк қызметін жүзеге асыруды шектейтін және/немесе тыйым салатын кез келген жағдайлар, соның ішінде әрекет етуді шектеу шаралары мен Банкке Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің тарапынан қолданылған басқа жауапкершілік шаралары туралы хабарлауға;

3.3.18. Мақсатты мерзімді банктік салымның мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуге;

3.3.19. Шарттың 2.2. тармағында белгіленген талаптарды сақтауға;

3.3.20. Шарттың қолданылуы аяқталғанға дейін Салымшының алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға өз құқықтары мен міндеттерін бермеуге және табыстамауға;

3.2. 21. Құрылыс салушының банктік заемды өтегеніне немесе өтемегеніне қарамастан, Банк өзіне Шартта белгіленген мерзімдерге және талаптарға сәйкес Салымшыға Мақсатты мерзімді банктік салымның сомасын қайтару, есептелген сыйақы және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша шартты емес міндеттеме қабылдайды;

3.3.22. Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде Салымшыға Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі барлық банктердегі (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелердегі) Банктің банктік шоттарының тізбесін беруге;



3.3.23. Қазақстан Республикасының аумағында және оның аумағынан тыс жерде банктерде (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелерде) жаңа банктік шот ашылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде банктік шот ашылған банктің (қаржылық, кредиттік ұйымдар мен мекемелерде) атауы, шот нөмірі, БСК, шот валютасы туралы мәліметтерді Салымшыға жазбаша түрде беруге;

3.3.24. Банктің заңды мекенжайы, пошта және банктік деректемелері, сондай-ақ нақты мекенжайы өзгерген жағдайда, дереу Салымшыға ондай өзгерістер туралы ондай өзгерістер туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға; Банк Салымшыға хабарламаған және/немесе уақтылы хабарламаған жағдайда, мүмкін болатын салдарлар үшін Банк жауапкершілік көтереді;

3.3.25. осы Шарт бойынша Салымшының құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асыру үшін кез келген қажетті ақпаратты беруге;

3.3.26. Құрылыс салушымен жасалған/жасалатын Шарттан, банктік заем шарттарында туындайтын құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тиісті ережелердің бекітілуі бойынша шаралар қабылдауға, соның ішінде:

- Банктің міндеті – кезекті Транш Салымшының Банктегі Жинақ шотына түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Шарт талаптарына сәйкес заемның кезекті сомасын Құрылыс салушының шотына аудару.

- Құрылыс салушының міндеті – Объектідегі өткізілетін тұрғын үйге тіркелген, құқық бекітуші құжаттарды белгіленген тәртіпте 1 (бір) айдың ішінде Банкке тапсыру (Салымшыға жіберу мақсатында);

- кез келген мүдделі тараптарға, мемлекеттік (соның ішінде құқық қорғау) органдарына және Салымшыға берілген/аударылған ақша сомалары туралы мәліметтерді және оның Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы туралы мәліметтерді ашуға Құрылыс салушының келісім беруі туралы, сондай-ақ аталған талапты Құрылыс салушының орындауын қамтамасыз етуге;

- Құрылыс салушының Салымшының өкілдерін жобаның жүзеге асырылу орындарына кіргізуді іске асыру міндеттемесі, сондай-ақ Шарт талаптарына сәйкес Банктің Салымшыға ақпарат беруіне Құрылыс салушының келісімі. Мұндай жағдайда, Құрылыс салушының жобаларды жүзеге асыру мониторингін Салымшының өкілдері Банктің өкілдерімен бірлесіп жүргізе алады;

- Құрылыс салушының міндетті – құрылыс салуды және тұрғын үйді пайдалануға беру;

- Құрылыс салушының міндеті – Объектіні пайдалануға қабылдау туралы Мемлекеттік қабылдау комиссияның актісіне қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күн ішінде Банкке Объектіні пайдалануға қабылдау туралы хабарлама жіберу және пәтерлерге құқық бекітуші құжаттарды рәсімдеуге кірісу;

- Құрылыс салушының міндеті – Банк және (немесе) Салымшы өкілдері тұрғын үйдің Бағдарлама талаптарын сәйкес келмейтінін, Объект құрылысындағы кемшіліктерді және бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар актісінде Тараптар көрсеткен мерзімде оларды жоюды қамтамасыз ету;

- Құрылыс салушының міндеті – Салымшы көрсеткен тізімдегі тұлғаларға Объектідегі белгілі бір көлемдегі пәтерлерді Белгіленген баға бойынша сатып алуды ұсыну және аталған міндеттемені бұзғаны үшін осы Шартта көзделген Банк жауапкершілігінен төмен емес жауапкершілікті қамтамасыз ету;

- Құрылыс салушының құқығы – қаржыландырудың басқа көздері есебінен Объектіні бірлесе қаржыландыруға қатысу, соның ішінде тұрғын үй құрылысы Объектілерінде қосымша үй-жайлардың, қоғамдық үй-жайлардың, автопаркингті қоса алғанда үй-жайларныда салынған, тұрғызылған ғимарат болғанда. *(Бұл жағдайда Мақсатты мерзімді банктік салым қаражаты есебінен салынып жатқан аудандарды және үй-жайлардың құны мен Құрылыс салушы есебінен салынып жатқан үй-жайларды бөлумен бірге Құрылыс салушы Банктің талабы бойынша, Объектінің Кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын рәсімдейді)*

- Құрылыс салушының құқығы – Салымшы тұрғын үй құрылыс жинақ салымшыларына 6 (алты) ай ішінде бөлмеген, қалған тұрғын үй-жайларды (тұрғын үй) дербес, еркін бағамен сату;

- Объекті құрылысы аяқталған мерзімге ықпал ететін болжалмаған жағдай туындаған жағдайда, құрылыс аяқталған мерзімдерді өзгерту қажеттілі туралы Банкке хабар береді;

- Бағдарламадан және осы Шарттан шығатын басқа да міндеттерді атқарады;

3.3.27. Мақсатты мерзімді банктік салым қаражаттарын пайдаланғанда олардың қолма-қол ақшаға айналдырылуына жол бермеуге, соның ішінде консалтингтік қызметтерге және оффшорлық компанияларға аударуды болдырмауға;

3.3.28. Шарттың қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде тікелей немесе жанама түрде Объектінің құрылысымен байланысты ақша қаражаттарының барлық аударымдарын, соның ішінде Құрылыс салушының Банктік шоты арқылы тікелей немесе жанама түрде Объектінің құрылысымен байланысты кез келген үшінші тұлғалармен кез келген шарттар/мәмілелер бойынша есептеулерді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) жүзеге асыруды жүргізу;

3.3.29. Мақсатты мерзімді банктік салым (Транш) \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) күн ішінде игерілмеген жағдайда, Салымшыға Мақсатты мерзімді банктік салымның (Транштың) игерілмеген бөлігін көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға;

3.3.30. Объектідегі пәтерлерді Салымшы көрсеткен тұлғаларға (Бағдарлама талаптарына сәйкес) Белгіленген баға бойынша сатуды, соның ішінде Мақсатты мерзімді банктік салым мерзімінен бұрын қайтарылған жағдайда, қамтамасыз етуге;

3.3.31. Объектідегі тұрғын үйді өткізуге құқық тіркелген, бекітуші құжаттарды белгіленген тәртіпте 1 (бір) айдың ішінде Құрылыс салушының Банкке тапсыруын қамтамасыз етуге;

3.3.32. Салымшының тиісті дерегі/талап етуі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Салымшының шотына Шартта көзделген жағдайларда және мерзімде тұрақсыздық сомасын аударуға;

3.3.33. Банк шоты ашылған банкке Шарттың 3.1.6. тармағына сәйкес Салымшы берген ақшаны шоттан алу (Салымшының пайдасына аудару) бойынша Салымшының талаптарын орындауға, егер ондай келісімді беру Салымшының талаптарын орындау үшін қажет болса – талап етілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен артық емес мерзімде келісім беруге.

3.3.34. Мақсатты мерзімді банктік салым сомасын қайтармаған немесе уақтылы қайтармаған жағдайда (Салымшының талабы бойынша) Шарттың 6.2 тармағында қарастырылған тұрақсыздық айыбын төлеуге;

3.4. Шарт негізінде Салымшының пайдасына Мақсатты мерзімді банктік салым сомасы, сыйақы және басқа сомалар бойынша барлық төлемдерді Банк егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, қандай да бір салықтар, баж салығы, алымдар мен кез келген тектегі бюджетке міндетті төлемдердің тиісті төлемінен немесе ұсталымынан кейін жүргізеді. Банк осы Шартқа сәйкес қажетті лицензияларының болуы мен қаржы операцияларының заңдылығын растайды және солар үшін жауапкершілік көтереді.

3.5. Тараптар Шарт аясында талап етілетін немесе жасалатын кез келген хабарламаның, хаттың немесе сұраныстың жазбаша нысанда берілетініне келіседі. Ондай хабарлама, хат немесе сұраныс олар Тараптардың уәкілетті өкіліне жеке табыс етілген, пошта немесе курьер байланысы, факсимильді және телекс байланысы арқылы, Шартта көрсетілген қатысушы Тараптың мекенжайы бойынша жіберілген немесе жеткізілген жағдайлардың кез келгенінде тиісті түрде берілген немесе жіберілген болып қарастырылады.

3.6. Кез келген хабарлама, хат немесе сұраныс мынадай жағдайларда алынған болып есептеледі:

3.6.1. Қолдан қолға беру (курьермен) – тиісті белгімен алған күні;

3.6.2. Тапсырыс хатпен – көрсетілген хат-хабардың адресатқа тапсырылғаны туралы пошта хабарламасында көрсетілген күнге;

3.6.3. факсимильді немесе телекс байланысы арқылы жіберу – жіберудің табысты аяқталғаны туралы факсимильді аппараттың растамасы болған жағдайда;

3.6.4. электрондық пошта арқылы жіберу – жіберудің табысты аяқталғаны туралы электрондық поштаның растамасы болған жағдайда, жіберген күні. Мұндай жағдайда, электрондық пошта бойынша Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылған сканерленген түрдегі материалдар қабылданады.

#### **4. Есеп айырысу тәртібі**

4.1. Сыйақы есептеу үшін есепке жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және айдағы нақты күндер саны алынады. Шарттың 5.3. тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша сыйақы есептеу Мақсатты мерзімді банктік салымның түскен күнінен бастап қайтарылған күніне дейін Жинақ шотына орналастырылған ақша сомасына жүзеге асырылады. Мақсатты мерзімді банктік салымды қайтару күні болып Мақсатты мерзімді банктік салымның барлық сомасының Қайтару шотына түскен күні есептеледі.

Жеңілдік кезеңі ішінде сыйақы есептеледі, бірақ Қайтару шотына аударылмайды.

4.2. Шарттың 4.1. тармағында белгіленген жеңілдік кезеңі аяқталғаннан кейін Банк Салымшыға сыйақыны тоқсан сайынғы негізде есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші жұмыс күні Қайтару шотына есептейді. Тиісті күнтізбелік жылдың күнтізбелік тоқсаны есептік тоқсан болып есептеледі. Жеңілдік кезеңде есептелген сыйақыны төлеу жеңілдік кезеңі аяқталғаннан кейін бірінші жұмыс күні жүзеге асырылады.

4.3 Мақсатты мерзімді банктік салымның толық көлемде Қайтару шотына қайтарылуы осы Шарттың 5.2. тармағында қарастырылған орналастырылған күн өткен соң бір мезгілде бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

#### **5. Мақсатты мерзімді банктік салым талаптары**

5.1. Валютасы: теңге.

5.2. Орналастыру мерзімі – Жинақ шотына (Шарттың №1 қосымшасына сәйкес) бірінші Транш нақты түскен күннен бастап Мақсатты мерзімді банктік салымның барлық сомасының Қайтару шотына қайтарылу күніне дейін \_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_.

5.3. Жылдық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері 3% (үш пайызға) тең. Мақсатты мерзімді банктік салым бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі жылына \_\_\_\_% (\_\_\_\_\_) құрайды. Шарттың 3.1.7. тармағында санамаланған жағдай болған жағдайда, жылдық сыйақы мөлшерлемесі Мақсатты мерзімді банктік салымды орналастырудың барлық кезеңінде 30% (отыз пайызға тең) болады.

5.4. Орналастыру тәртібі: бірізді транштар, бірақ Шарттың №1 қосымшасына сәйкес тоқсанда 1 Транштан көп емес. Әрбір келесі кезекті Транш алдында бөлінген Транштың мақсатты пайдалануынан кейін ғана орналастырылады.

5.5. Түрі: жедел банктік салым.

5.6. Сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең - \_\_\_\_\_;

5.7. Мақсатты мерзімді банктік салым бойынша операциялар аяқталғаннан кейін Салымшы Банк қызметіне ақы төлемейді. Бұл қызметті Банк өтеусіз көрсетеді.

5.8. Ерекше талаптар:

1) Мақсатты мерзімді банктік салым бойынша сыйақы аударудың нақты күні есебінде сыйақының Қайтару шотына түскен күнін түсіну керек;

2) Банк қайтаруды жүзеге асырудан 3 күн бұрын Салымшыға хабарлай отырып, мерзімінен бұрын толық немесе ішінара Мақсатты мерзімді банктік салымды /Траншты Салымшыға Қайтару шотына қайтаруы мүмкін. Мұндай жағдайда Банк сыйақыны Шарттың 5.3. тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша Мақсатты мерзімді банктік салымның Жинақ шотында нақты болған кезеңі үшін (Банкке түскен Транштардың нақты орналастырылған күндері мен сомаларын есепке ала отырып) есептейді және төлейді.

3) Банктік заем шарты бойынша негізгі қарызды Құрылыс салушы мерзімінен бұрын өтеген немесе Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк Салымшыға Қайтару шотына Мақсатты мерзімді банктік салымды /Траншты толық немесе мерзімінен бұрын қайтарып береді. Мұндай жағдайда, Банк Мақсатты мерзімді банктік салымның Жинақтау шотында нақты болуы кезеңі үшін (Банкке түскен Транштарды нақты орналастыру күні мен сомасын ескере отырып) Шарттың 5.3т. бекітілген мөлшерлеме бойынша сыйақы есептелінеді және төленеді.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1. Шартты бұзумен байланысты шығын келтіргені үшін кінәлі Тарап Шарт талаптарына, ал Шартта жауапкершілік көзделмеген жағдайда, - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік тартады.

6.2. Банк Шартқа сай Банк төлеуге тиіс кез келген соманы төлеу бойынша осы Шартта қарастырылған (соның ішінде осы шарттың 3.1.7. және 3.3.1.–3.3.32. тармақтары) міндеттемелердің кез келгенін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған, Банк Салымшының талабы бойынша, Мақсатты мерзімді банктік салым сомасын қайтармаған немесе уақтылы қайтармаған жағдайда, (Салымшының талабы бойынша), Салымшыға Шарттың 2.1. тармағында көрсетілген соманың 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде, міндеттемелерді бұзудың әр күні үшін тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ Шарттың 2.1. тармағында көрсетілген Мақсатты мерзімді банктік салым сомасының 10% (он пайыз) артық емес мөлшерде.

6.3. Банк осы Шартқа сәйкес жасалған қаржылық операциялардың заңдылығы және қажетті лицензиялардың болуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шарттың 6.2 тармағында қарастырылған жауапкершілік көтереді.

6.4. Банк талап алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Салымшының талабы бойынша Мақсатты мерзімді банктік салым сомасын немесе Траншты Банкке аудармаған жағдайда, онда Салымшының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Банктің кез келген корреспонденттік шотынан, сондай-ақ банктердегі басқа да шоттардан (банктік операциялардың жеке түрлерін орындайтын ұйымдардан) кез келген валютада Шарттың немесе акцептісіз және (немесе) даусыз ақшаны есептен шығаруға қажетті басқа да құжаттардың нотариус куәландырған көшірмесін қоса беріп, төлем талаптары-тапсырмаларын көрсету арқылы осы Шарттың талаптарын Банктің орындамауына байланысты тұрақсыздық айыбын және шығындарды, сыйақыны, Мақсатты мерзімді банктік салым сомасын қоса алғанда, қарыз сомасын Банктің қосымша келісімінсіз, акцептісіз және даусыз тәртіпте есептен шығару жүргізуге құқығы бар екеніне Банк осы Шартқа қол қоя отырып, өзінің сөзсіз келісетінін білдіреді.

## **7. Дүлей күш жағдайлары**

7.1. Осы Шарт және оның қосымша келісімі бойынша Салымшы алдындағы Банктің жауапкершілігі дүлей күш жағдайлары (форс-мажор) болған кезде шектелуі немесе қандай да бір жолмен күші жойылуы мүмкін емес және бұл жағдайлар, Тараптар тікелей анықтаған жағдайлардан басқа, Банктің жауапкершіліктен босатылуы үшін негіз болып табылмайды.

7.2. Дүлей күш жағдайларына сілтеме жасаушы Тарап дүлей күш жағдайларының басталғандығы және/немесе аяқталғандығы туралы тез арада, бірақ олар басталған және/немесе аяқталғаннан кейін 2 (екі) күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге, сондай-ақ ондай жағдайлардың басталғандығы және/немесе аяқталғандығын растайтын құзыретті орган берген құжаттарды қоса беруге тиіс.

7.3. Шарттың 7.2. тармақтарының талаптары орындалмаған жағдайда, Тараптар ешқандай жайттардың дүлей күш жағдайлары ретінде қарастырылмайтындығына және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері алынып тасталмайтынына немесе қандай да бір түрде шектелмейтініне келісті.

## **8. Шарттың қолданылу мерзімі**

8.1. Шарт Банкке бірінші Транш түскен күннен бастап жасалды деп есептеледі және осы Шарт бойынша Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

Шарттың 3.3.15 тармағы тармақшасының талаптары Шарт Тараптары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Банкке салым орналастыруға дейін орындалуы тиіс.

## **9. Құпиялылық**

9.1. Осы арқылы Тараптар Шарт талаптарына қатысты ақпараттың, сондай-ақ Шартты жасау және орындау барысында алынған қаржылық, коммерциялық және басқа ақпараттың құпия болып табылатындығына және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Келісімде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жариялауға жатпайтынына келіседі.

9.2. Тараптардың бірінің құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, баспасөзде жариялау немесе оны басқаша жария етуі тек келесі Тараптың жазбаша келісімін алғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларда мүмкін болады.

9.3. Тараптар Шарт талаптарының құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды, соның ішінде құқықтық сипаттағы, қабылдайды. Тараптардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне Тараптар Шартты орындау барысында алған мәліметтерді жария етуіне немесе үшінші тұлғаларға беруіне тыйым салынады.

9.4. Тараптардың кез келгені Шарт талаптарын бұза отырып, құпия ақпаратты жария еткен немесе таратқан жағдайда, кінәлі Тарап ондай ақпараттың жария етілуі салдарынан келесі Тарап тартқан ықтимал шығындарды қайтара отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгендей жауапкершілік көтереді.

## **10. Қорытынды ережелер**

10.1. Шарт бойынша берілетін немесе жасалатын барлық құжаттар немесе хат-хабарлар Шарт тілінде орындалуға тиіс немесе басқа тілде орындалса, аудармасы қоса беріліп, ондай хат-хабарды беретін Тараптың өкілімен куәландырылуға тиіс. Аталған аударма Салымшы мен Банк арасындағы өзара қарым-қатынаста аударманың негізгі нұсқасы болады.

10.2. Банк Шарт талаптарына сәйкес Салымшыға ақпарат беруді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады.

10.3. Шарттың өзгертілуі, толықтырылуы, нақтылануы тек оның қосымша келісіміне Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қол қоюы жолымен мүмкін болады. Тиісті нысанда жасалған Шарттың өзгертулері мен толықтырулары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

10.4. Шартпен байланысты немесе одан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

10.5. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түсініледі және реттеледі.

10.6. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 2 (екі) данада жасалды.

## **11. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ**

**Банк:**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_,

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Вэб-сайт: \_\_\_\_\_

Электронды мекенжай:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

ҚОЛЫ

М.О.

**Салымшы:**

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ  
банкі» АҚ

\_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_,

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Вэб-сайт: \_\_\_\_\_

Электронды мекенжай :

\_\_\_\_\_

**Басқарма Төрағасы**

\_\_\_\_\_ А.Н. Жумагулов

ҚОЛЫ

М.О.



" " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_\_  
Мақсатты мерзімді банктік салым  
шартының № 1 қосымшасы

**Мақсатты мерзімді банктік салымды орналастыру кестесі**

**Банк:** \_\_\_\_\_

Құрылыс салушы: \_\_\_\_\_

Объект: \_\_\_\_\_

№ т/б	Мақсатты мерзімді банктік салым сомасын салу кезеңі	Сума, теңге
1.	_____ 20__ ЖЫЛ	
2.	_____ 20__ ЖЫЛ	
3.	_____ 20__ ЖЫЛ	
	_____ 20__ ЖЫЛ	
	_____ 20__ ЖЫЛ	
	_____ 20__ ЖЫЛ	
	_____ 20__ ЖЫЛ	
	_____ 20__ ЖЫЛ	
	_____ 20__ ЖЫЛ	
	<b>Жиыны</b>	

Банк \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Салымшы



" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_  
Мақсатты мерзімді банктік салым  
шартының № 2 қосымшасы

**Мақсатты мерзімді банктік салым қаржысын пайдалану туралы есеп**

20\_\_ жылғы (есептік кезең) \_\_\_ тоқсанға арналған

Банк:	
Мекенжайы:	
Қаржыландырылатын Объект:	
Құрылыс салушы:	
Объект құрылысы қаржыландырылатын Құрылыс салушының Банктік деректемелері:	
Шартқа сәйкес Мақсатты мерзімді банктік салымның жалпы сомасы:	
Есептік кезеңге дейін алынған Мақсатты мерзімді банктік салым транштарының жалпы сомасы:	
Есептік кезеңге дейін Мақсатты мерзімді банктік салым бойынша алынған қаржыны пайдалану есебінен Құрылыс салушыны қаржыландырудың (кредит беру) жалпы сомасы:	
Есептік кезеңде алынған Мақсатты мерзімді банктік салым траншының сомасы:	
Есептік кезеңдегі Мақсатты мерзімді банктік салым траншының сомасын алу күні:	

Есептік кезеңде Мақсатты мерзімді банктік салым бойынша алынған қаржыны пайдалану есебінен Құрылыс салушыны қаржыландырудың (кредит беру) сомасы:  <i>(Құрылыс салушының әрбір төлемінің барлығы және сомасы мен күні көрсетіліп )</i>	

Қосымша:

- есептік кезеңге арналған Құрылыс салушының банктік шоты бойынша қаржы қозғалысы туралы үзінді:

- \_\_\_\_\_(бұрын тапсырылмаған Құрылыс салушымен жасалған заем шартының, оның қосымша келісімдерінің көшірмелері).

**Бірінші жетекші/Бірінші жетекшінің орынбасары**

**Бас бухгалтер/Бас бухгалтердің орынбасары**

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_

Мақсатты мерзімді банктік салым

шартының № 3 қосымшасы

№ \_\_\_\_\_ Өтінім

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_

Мақсатты мерзімді банктік салым шартына сәйкес

Алматы қ.

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

<b>Банк:</b>	
<b>Мекенжайы:</b>	
<b>Транш аударуға арналған деректемелер:</b>	
<b>Қаржыландырылатын Объект:</b>	
<b>Құрылыс салушы:</b>	
<b>Шартқа сәйкес Мақсатты мерзімді банктік салымның жалпы сомасы:</b>	
<b>Бұрын алынған транштардың жалпы сомасы:</b>	
<b>Кезекті транштың қажетті сомасы:</b>	
<b>Кезекті траншты аударудың қажетті күні:</b>	

«\_\_\_\_\_» АҚ (Банк атауы) Мақсатты мерзімді банктік салым шарты талаптарына сәйкес барлық бұрын алынған транштардың осы өтінімін беру күнінде игеруге кепілдік береді, оны Құрылыс салушының банктік шоты бойынша қаржы қозғалысы туралы қоса берілген үзінді арқылы расталады.

Қосымша:

- Құрылыс салушының банктік шоты бойынша қаржы қозғалысы туралы үзінді:
- \_\_\_\_\_ ( бұрын тапсырылмаған Құрылыс салушымен жасалған заем шартының, оның қосымша келісімдерінің көшірмелері).

**Бірінші жетекші/Бірінші жетекшінің орынбасары**

**Бас бухгалтер/Бас бухгалтердің орынбасары**

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. № \_\_\_

Мақсатты мерзімді банктік салым

шартының № 4 қосымшасы

**Объектідегі құрылыс-монтаждау жұмысы өндірісінің кестесі**